Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ

1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ВЕСТНИК ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ

ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 1 (2023)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269
выдано
Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

https://doi.org/10.48081/YPJZ1948

Бас редакторы – главный редактор
Аубакирова Р. Ж.
д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор

Заместитель главного редактора — Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*
Ответственный секретарь — Антикеева С. К., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Магауова А. С.,	*д.п.н., профессор*
Бекмагамбетова Р. К.,	*д.п.н., профессор*
Фоминых Н. Ю.,	*д.п.н., профессор (Россия)*
Снопкова Е. И.,	*к.п.н., профессор (Белоруссия)*
Костюнина А. А.,	*к.п.н., доцент (Республика Алтай)*
Оспанова Н. Н.,	*к.п.н., доцент*
Куанышева Б. Т.	*доктор PhD*
Омарова А. Р.,	*технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

ҒТАМР 37.02- 022.215(045)

https://doi.org/10.48081/MYDG1490

***А. Ш. Тлеулесова[1], Э. А. Утеубаева[2], Ж. Қ. Сағынтаева[3], М. П. Шакарманова[4], А. Б. Калиева[5]**

[1,2]С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.;
[3]Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;
[4,5]Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
*e-mail: tleulesova.ardak@mail.ru

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада президентіміз Қ. Қ. Тоқаевтың жолдауында көрсетілген мақсатты мәселелерге сәйкес елімізде сапалы білім берудің өзекті жолдары талқыланады. Соның ішінде қазіргі заманауи қажеттіліктен туындаған дуалдық бағдарламалар негізі қарастырылады. Жаңа Қазақстанның өркендеуіне тікелей қатысты білім беру жүйесіндегі дуалдық оқыту жолдары талданып, оның білім сапасына ерекше ықпалды жолдары көрсетілген. Білім беру жүйесінде теория мен тәжірибенің ұштасып, бірлескен негізде болашақ маманның танымдық ынтасына ерекше әсерін тигізу мүмкіндігі талқыланған. Өндірістен қол үзбей, тәжірибелік негізде теориямен педагогикалық негіздемелер жасалған. Білімді ұлт – келешектің негізі. Аталмыш мақалада сапалы білім берудің негізгі мазмұны талқыланып, білім берудегі жұмыс жоспары, оқыту бағдарламаларына негізделген оқулықтар материалдары сараланған. Сапалы білім беру мазмұнын іріктеу өлшемдері мен білім беру мазмұнына да жан-жақты талдаулар жүргізілген. Мақалада сапалы білім берудің дуалды бағдарламалық тәсілдерінің қолданыс әрекеттері талқыланған. Ғылыми-әдістемелік деңгейде сараланған дуалды бағдарламалық негізде оқытудың тиімділігі де талданып беріледі. Сонымен қатар қазіргі Жаңа Қазақстанда жалпыға бірдей орта білім беруді өндіріспен ұштастыруды дәйектілікпен жүзеге асыру міндеттемесі сараланады. Дуалдық бағдарлама ережелеріне

сәйкес арнайы оқу орындарында теория мен практика негіздерін ұштастыру мәселесі жан-жақты талданған. Мақалада дуалды бағдарлама негізінде оқыту процесінің қозғаушы күштері талданып, оқыту негізінің тиімділігі туралы ой қорыту негіздері ұсынылады.

Кілтті сөздер:дуалды оқыту, білімді ұлт, сапалы білім, бағдарламалық тәсіл, оқулық мазмұны, оқыту мотиві, таным, ынта.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті – Қ. К. Тоқаевтың «Жаңғырған Қазақстан» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуы, қазақстандық білім берудің халықаралық білім кеңістігінен лайықты орын алуы стратегиялық маңызға ие жоба ретінде танылған [1].

Ағымдағы уақыт талабына сай, өндіріс тәжірибесі мен оқыту теориясын ұштастыра білу шеберлігі – білім алушыны оқыту барысында сапалы, негізді болуы оқытушының оқыта білу әдісіне, шеберлігіне де тікелей қатысты болып келеді. Белгілі бір өндіріс орнындағы қалыптасқан тәжірибе мен теорияны оқыту әдісі – қалыптасқан тәсілдерді ұштастыруды дуалдық бағдарламалар арқылы іске асыра аламыз. Балондық жүйе барысында қалыптасқан оқытудың технологиялық бағдарламаларына сәйкес, белгілі бір оқу орындарындағы оқыту сатысында екі түрлі қызмет түрінде жүзеге асады. Осы орайда алғашқы мәселе – оқытушының білім беруі, екінші мәселе – білім алушының оқуға деген өзіндік жеке ынтасының болуы да ерекшелік ретінде саналады. Аталған екі субьектінің өзара қарым-қатынасы әр түрлі оқу қызметтері, оқыту әдістері ретінде танылады. Сонымен, дуалды оқыту жолдарында қолданылатын белгілі әдіс-тәсілдердің негіздері білім беруші мен білім алушының арасындағы жұмыс түрлеріне байланысты өзгеріліп отырады. Кез келген өндірістік орындарда кездесетін күрделі мәселелер жөнінде қойылатын, талқыланатын сұрау түрлері – білім алушының жұмысқа деген ынтасын шырататын, қызығушылығын арттыратын тәсілдердің ерекше түріне жатса, арнайы мамандыққа қатысты механикалық бөлшек құрылымына бірлесіп саралау жұмыстарын жүргізу – білім алушының үйреніп, тәлім алу негізін бақылаудың бір әдісі ретінде саналады.

Ғалым А. Байғұлова: «Дуалды бағдарламалық оқытуда диалог алмасу әдісіне, көрнекі әдіске, эксперименттік әдіске, сипаттамалық әдіске немесе көбейту әдісіне, эвристикалық (ішінара іздеу) әдіске, зерттеу әдісіне, өзіндік жұмыс әдісіне, проблемалық баяндау әдісіне, егжей-тегжейлі безендіруге, бөлшектерге (объектілердің белгілі бір бөліктерінің атауына)

ерекше орын беріледі. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар дәуірінде мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпақ озық білім беру технологияларын меңгеруі, барлық салаларда жұмыс істеуге қабілетті жастарды оқытуы, өмір жолындағы қиындықтар мен кедергілерді еңсеруге дайын ұрпақты тәрбиелеуі, өз шешімдерінде байсалды және батыл шешімдер қабылдауы тиіс. Осы мақсатта жаңа Қазақстандағы білім беру жүйесі реформалар кезеңін әлі бастан өткерген жоқ», – деп нақтылаған [2, 22].

Дуалды оқыту – кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеруге орта және жоғары білім беретін арнайы оқу орындарының студенттерін де даярлау, болашақ мамандардың арнаулы бейімділігі мен қызығушылығын, танымдық қабілетін ескеруге бағытталған білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнын ұйымдастыру, білім беруді даралау мен саралап жіктеу болып танылады.

Мәселенің өзектілігі мен айқындалған сәйкессіздіктері зерттеу мәселесін анықтады, қазіргі таңда еліміздегі арнайы маман даярлайтын оқу орындарында дуалды бағдарламаға сәйкестендірілген оқыту әдіснамаларының негіздері – қазіргі заманауи халықаралық зерттеулер негізіндегі білім беру сапасының жаңа талаптарға сай ұлттық білім беру жүйесін жетілдіру үшін педагогикалық әдістемені сараптаудан тұрады.

Зерттеу пәні: дуалды оқыту әдісінің рөлі мен қызметі.

Зерттеудің мақсаты: білім беру жүйесіндегі дуалды бағдарламалық оқытудың тиімділігін анықтау.

Дуалды бағдарламаға сәйкес жаңғыртылған білім беру процестері қазіргі заманғы халықаралық зерттеулерге негізделген білім беру сапасына қойылатын жаңа талаптарға сай болып, бәсекелес бола алатын ұлттық білім беру жүйесінің дамуына алып келетіні бұлтартпас шындық. Сонымен бірге алынған халықаралық бағалау қазіргі таңда басқарудың маңызды стратегиялық аспектісі болып танылуда.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу тақырыбы бойынша әдіснамалық, ғылымтану, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге талдау жасалды.

Қазіргі уақытта жаңғырған Қазақстанның дуалды оқыту бағдарламалары бойынша оқитын қазақстандық жастар TIMSS халықаралық зерттеуіне, математика – жаратылыстану пәндері бойынша дайындық курстарына қатысу мүмкіндігі зор. Еліміздегі орта оқу орындары мен арнайы мамандықтар бойынша білім алушылардың жаратылыстану ғылымдары, математикалық сауаттылық және оқу сауаттылығы саласы негізінде PISA тәжірибесі бар. Елімізде білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан жастарының халықаралық деңгейдегі сапалы білім

алуы үшін барлық мүмкіндіктер мен жағдайлар қарастырылған. Әртүрлі деңгейдегі бағдарламалар да ұсынылады. Атап айтқанда, қазақстандық жастардың білім сапасын айқындау мақсатында жүргізілген «Дуалды бағдарлама негізінде оқыту мен түсіну сапасын бағалау» (PIRLS – Progress international reading literasy study) зерттеуіне қатысуы жоғары нәтиже берген. Қазақстандық үміткерлер осындай зерттеуді 2016 жылы сәтті аяқтады. Дуалды бағдарламаларға негізделген оқытуды қамтитын PIRLS зерттеуінің мақсаты – дүние жүзіндегі дарынды жастардың өндірістік тәжірибе мен теориялық білімді біріктіру қабілетіне бейімделу деңгейлерін теңелту және оқу сауаттылығын анықтау үшін ұлттық білім беру жүйесінің ерекшеліктерін анықтау. Осы зерттеудің халықаралық сарапшыларының пікірінше, «Өндірістік жұмыстағы білім алушының сауаттылығы ескерілуі тиісті» – бұл адамның толыққанды өмір сүру және жеке мақсаттарға жету үшін қажетті әртүрлі салаларда жұмыс істеу қабілетін қалай дамытатыны туралы түсінік пен терең ойлау негізін қалайтын жол болып танылады.

Дуальды оқыту бағдарламасына негізделіп, арнайы мамандық үшін құрастырылған мәтінді мағыналық негізінде игеріп, терең түсіну мәселесінің маңыздылығы, заманауи өзгеріс негізінде өңделетін ақпараттың мағыналық мәні қазіргі уақытта артып келеді [2].

Дуалды оқытудың негізгі нысаны – арнайы оқу орындары түлектерінің академиялық жетістіктерін анықтау болып табылады. Бұл негізінен мамандықты арнайы оқу орындарында оқытудың алғашқы 2 жылы барлық арнайы білім мен оқу дағдыларын дамытуға негіз болатындығына байланысты болып келеді. Әдіскер А. Қожаниязова: «Дуалды оқыту бағдарламасында: мазмұн мен форматты біріктіре оқытуды сәтті жалғастыру үшін әртүрлі мәтіндерді шектеулі уақыт ішінде негізгі мектепте оқу керек. Ғалымдар білім алушының тәжірибелік сауаттылығының негізі – оның жұмыс орнымен қарым-қатынасын кіріктіре отырып, бірге оқуы қажет екенін жоққа шығара алмайды» деп тұжырымдаған [3,9].

2009 жылдан бастап Қазақстандық жастар дуалды бағдарлама негізінде халықаралық білім беру деңгейінің ғылыми зерттеулеріне белсене ат салысуда. Бұл жұмыстағы өндірістік тәжірибеден басқа, оқу сауаттылығы дегеніміз – білім алушылардың белгілі материалдардың құрамы туралы жазылған қысқа жазбаша мәтіндерді түсіну және іс жүзінде көрсету, олардың мазмұнын мақсаттарына жету үшін пайдалану, қоғамға белсенділік таныту үшін білім мен дағдыларды дамыту қабілетін ұштау қажеттілігін бағалай білу болып саналады. Білім алушы үшін кәсіби қызметтің болашақ саласын таңдауға арналған ортада дуалды бағдарламаға негізделген оқыту мәтін, жағдаят және сұрақ түрінде болып келіп, білім алушының жалпы

сауаттылығын бағалаудың үш негізгі критерийін қамтиды. Сонымен нәтижелі тәжірибе алмасу арқылы оқу сауаттылығы – бұл білім алушының жалпы мәдениеті негізінде қалыптасатын сауаттылық ретінде танылады. Сонымен қатар дуалды оқыту негізінде зерттелетін материалды сақтау сапасын тану – білім беру, академиялық, әлеуметтік және кәсіби мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Білім алушылардың өндірістік тәжірибе алмасудағы құзіреттілігі – интеллектуалдық қабілеттер мен жеке танымдарға негізделген жеке қасиеттердің жиынтығы.

Қазіргі ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беруде оқытудың озық технологияларын меңгерту, өмір жолында кездесетін қиындықтар мен кедергілерді еңсеруге, оны шешуде байыпты, батыл шешімдер қабылдауға әзір ұрпақ тәрбиелеу қажеттілігі туып отыр. Дуалды бағдарлама негізінде оқытудың алғашқы сатылары туралы мағұлматты келесі ғалымдар еңбектерінен оқып, талдауға болады [4,16].

Бұл тақырып аясында шетелдік ғалымдар зерттеулер жүргізген. Атап айтар болсақ, дуалды бағдарлама арқылы оқыту қажеттілігі жөніндегі әдістемелерді А. С. Косогова «Обучение и воспитание в высшей школе» (Иркутск, 2003), В. С. Безрукова «Проективная педагогика» (Екатеринбург 1996) қарастырған.

Қазақстанның өркениетті елдер қатарында көрінуге талпынысы – еліміздің дүниежүзілік білім кеңістігіне ену керектігін туындатып отырғандығы ақиқат. Ол үшін еліміздің білім беру мазмұны мен білім беру жүйесі әлемдік білім беру деңгейіне сай болуын қажет етеді. Қазақстан Республикасында білім беру саласында жүріп жатқан реформаның күшіне енуі, мемлекет дамуындағы ұзақ мерзімге межеленген мақсаттарға жету бағытындағы қоғамдық ілгерлеудің ұстанымдарынан өріс алады. З. Т. Байжанова: Дуалды бағдарламалық білім беруді «Түсіну концепциялары» мен «Мағынаның кеңдігі» деп тұжырымдайды [5, 81].

Елімізде болашақ мамандардың біліктілік сапасы дуалды бағдарлама негізінде оқыту жүйесін дамытуымен де тығыз байланыста болары айқын. Сонымен қатар «Болондық оқыту» тәжірибесіне сүйене отырып, арнайы мамандық алушылардың оқуын жүйелеу, білім алушылардың дайындығына еңбек нарығының қоятын талабы, білім берудің деңгейлік сабақтастығын жүзеге асыру қажеттілігімен де айқындалады. Жаңа парадигма бойынша жалпы орта білім беру және кәсіптік білім беретін арнайы оқу орындарында білім беруді дуалдық оқыту бағдарламасына сәйкес жүргізу қажет [6,43]. Дуалды оқыту бағдарламасының тағы бір ерекшелігі – ЖОО студенттерінің оқу орнын тәмәмдағаннан кейінгі өмірлік жолды таңдауға бейімделулерінің

негіздерін жасау, олардың кәсіптік мақсаттарын іске асыруға, еңбек нарығын кәсіби техникалық кадрлармен қамтамасыз ету мәселесін шешуге бағытталып, арнайы жұмыс көздерін мамандармен қамтамасыз ету мәселесі қойылған.

Қазіргі таңда дуалды бағдарлама негізінде арнайы мамандықтар бойынша тәжірибелік білім берудің жаңа парадигмасы мүлде жаңаша көзқараспен қарауды, әлемдік жинақталған тәжірибеге сын көзбен қарап бағалауды, ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып оқыту мен тәрбиелеудің жаңа тиімді жолдарын табуды қажет етеді [7, 21].

Дуалды бағдарлама арқылы оқытудың тиімді жақтары молынан байқалады. Нақты айтсақ, тәжірибе мен теорияны қатар игерген маман қоғам сұранысын қанағаттандыруға септігін тигізсе, тәжірибе негізінде өз білімін ұштау еліміздің білім беру жүйесінде «оң әсер» ететін факторлар ретінде танылады. Сонымен қабат, дуалды білім беру бағдарламасын іске асыру жүйесі кеңес дәуірінен кейінгі кезеңде елімізде жаңа сипат алған дәстүрлі білім беру жүйесіндегі бірқатар кемшіліктерді жоюға ықпал етеді. Ондай кемшілік пен олқылықтар: білім беру мазмұнының ақпараттық сипатқа ие болып қалуы, ол білім алушының оқу ынтасын төмендетіп, денсаулығына кері әсер етеді. Екіншіден, орта білім жүйесінде диагностикалық мақсаттың болмауы, үшіншіден, білім беру жеке тұлғаға бағдарланбаған, төртіншіден, білім алушының білімін бағалауда ескірген жүйенің сақталуы, ол оқу жетістіктерін бағалауда әділдікті, шынайылықты қамтамасыз ете алмайды, т.б. Осы мәселелердің шешімін табуда дуалды бағдарлама арқылы оқыту мәселесі кезек күттірмейтін мәселе ретінде танылары даусыз.

Жаңғырған Қазақстандық білім беру реформасының стратегиялық міндеттерін ойдағыдай шешу арнайы мамандықтар негізінде қоғам сұранысына қажетті мамандарды оқытуға көшуімен тікелей байланысты. Оның мәнісі дуалды бағдарлама негізінде шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа ұлттық моделді дамытуға, «жалпы білімнен» «таңдаулы білімге» көшуге; дуалды бағдарлама негізінде тәжірибе, теория, іскерлік, сенімділік, білім, білік, дағдымен қаруланған «білімді адамнан» шығармашылықпен ойлайтын, белсенді әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын «өмірлік іс-әрекеттерге бейім адамға» ауыстыруды; дуалды бағдарлама негізінде өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз, өмір бойы өз бетінше өрлеуіне, білім алуына қажеттілік тудыруға бағытталуында болып танылады. Қазіргі таңда әлемдік білім беру жүйесін алатын болсақ, ондағы өзгерістерге негізделген дамудың негізгі үрдістері ретінде келесі тың өзгерістерді көрсетуге болады. Оларға: дуалды бағдарламалық оқыту үдерісінде экономиканың қарқынды дамуы, бәсекелестіктің өсуі; адам

капиталы мәнінің артуы, т.б. мәселелерді атасақ, Жаңғырған Қазақстан білім беру жүйесіндегі көлемді кедергілер ретінде: қоғам дамуының қиындылығы; постиндустриалдық, ақпараттық қоғамға көшу, мәдениаралық өзара қатынас ауқымының кеңеюі; қоғамның демократиялануы; ғаламдық проблемалардың туындауы және өсуі тәрізді ерекшеліктерді баса айтуға тура келеді.

Демек арнайы білім беру бағдарламаларын өзгерту немесе түбегейлі алмастыру мәселесі де туындайтыны сөзсіз шындық. Осы көрсетілген мәселелерге орай, дуалды білім беру бағдарламасы төмендегідей бағыт-бағдарларды қамтыған. Олар: арнайы оқу орындарында тәжірибе мен теорияны ұштастыратын білім беру әдіснамасының еніп, дамуы; білім беру мазмұнын құру әдіс-тәсілдері өзгереді; білім берудің жаңа технологиялары енгізіледі; білім беруді басқару жүйесіне өзгеріс енгізілді; білім беру ерте жастан басталады; білім алушылардың танымдық белсенділігіне үлкен мән беріледі; білім алушыларды көпмәдениеттілік, рухани-адамгершілік, азаматтық тұрғыда тәрбиелеу көзделеді; денсаулық сақтау, дене бітімін жетілдіруге басты мән берілді; экологиялық сауаттылық күшейтіледі, т.б.

Сонымен қатар елімізде әлемдік тәжірибені негізге ала отырып, қоғам сұранысына сай арнайы мамандар даярлауда білім берудің методологиялық негіздеріне сай отандық білім беру жүйесінің мазмұндық жағын жаңартудың негізгі бағыттары ретінде келесі әдіснамалық бағдарларды аламыз. Олар:

– дуалды бағдарлама негізінде білім беру жүйесінің мазмұнын қазіргі қоғам сұранысымен сәйкестендіру;

– шығармашылықпен ойлайтын, белсенді әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын өмірлік іс-әрекеттерге бейім адам тәрбиелеу;

– әрбір жас кезеңіндегі негізгі психикалық жаңа құрылымдарды қалыптастыру төңірегіндегі оқу үрдісін жолға қою;

– оқушыларды танымның ғылыми тәсілдеріне мақсатты және жүйелі түрде тарту, негізгі мотивациялық үрдістерді айқындайтын оқу ахуалдарын кеңінен қолдану [8, 68].

Қазіргі білім мазмұнын ізгілендіру мен даралауға бет бұру мынадай міндеттерді жүктейді:

– білім алушының жеке тұлға ретінде және іс-әрекет субъектісі ретінде мақсатты, тұрақты және дәйекті дамуына жағдай жасау;

– білім алушылардың белгілі бір білімді таңдауы мен меңгеруін, олардың оқу үрдісі кезінде таңдау мүмкіндіктері мен құқықтарын қамтамасыз ету;

– оқу-тәрбие үрдісінде ынтымақтастық педагогикасының ізгі қатынастарын орнықтыру;

– білім мазмұнын барынша ізгілендіруді қамтамасыз ету;

– білім мазмұнының инварианттық және вариативтік компоненттерінің арасындағы гуманитарлық және жаратылыстану ғылыми білімдердің диалектикалық бірлігін қамтамасыз ету.

Л. А. Брагинецтің пікірінше, дуалды бағдарлама негізінде білім беруге көшу жағдайында білім беру мазмұнын жаңарту білім алушылардың талап-тілектерін, мүмкіншіліктерін, қызығушылығын ескеріп, оқытуды дараландыруға жағдай жасауды көздейді [9, 16].

Қазіргі таңда дуалды бағдарлама негізінде білім беруге көшу жағдайында білім беру мазмұнын жаңарту ерекшеліктеріне мыналар жатқызылады: таңдалған мамандыққа сәйкес пән мазмұнын жобалау кезіндегі «шиыршық» принципі, яғни білім мен біліктерді тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту (дағдыларды тақырыптар және сыныптар бойынша күрделендіру); тәжірибе мен теорияны ұштастыру мақсатында пәндік операциялардың ең маңызды түрлері бойынша жіктелетін және таным заңдылығына негізделген оқу мақсаттарының Блум таксономиясы бойынша иерархиясы; білім беру деңгейлері бойынша және бүкіл оқыту курсы бойында педагогикалық мақсаттарды тұжырымдау, бұл пәнішілік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік береді; білім саласы ішіндегі пәндердің арасындағы байланыстарды, сондай-ақ пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру үшін ортақ тақырыптардың болуы; бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сәйкес болуы, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға баса назар аудару; оқу процесін ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлар түрінде технологияландырылуы болып танылады. Ал дуалды бағдарлама негізінде білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі төмендегі ұстанымдарға сай жүргізіледі. Олар: өндіріс саласында еңбек ететін тұлғаның жас ерекшеліктерінің ескерілуі; олардан күтілетін нәтижелердің білім жетістігіне бағыттылығы; тәжірибе мен теорияны оқытудың сабақтастығы; әрбір оқыту сатысының даралығы, т.б.

Жалпы дуалды бағдарлама негізінде білім берудің соңғы кезеңі болып табылатын үшінші сатының негізгі мақсаты – оқытудың саралануы мен дараланыуына бағдарланған білім беру, білім алушылардың болашақ кәсіби қызметіне саналы да жауапты таңдау жасауына, өзін-өзі танытуына жағдай жасау болып табылады.

Нәтижелер мен талқылау

Біз білім беру жүйесіндегі дуалды бағдарламалық оқытудың ерекшеліктерін талдадық. Шығатын күтілетін нәтиже мақсатты дуалды бағдарламалық білім беруден ажырататын болсақ, онда, біріншіден, дуалды білім беру бағдарламасындағы құндылық – бағдарлы құзыреттілік – білім алушы ортаны бірдей қабылдай алады, оның өмірдегі рөлін анықтай

алады. Сонымен қатар жоғары адамгершілік құндылықтарға негізделген жасампаз қоғамдағы азаматтығы және ұлтына қарамай қызмет ететін, елін сүйетін азаматтарды даярлау мүмкіндігі туады. Бұл құзіреттілік өмірде әртүрлі шешімдер қабылдау қабілетін қамтамасыз етеді. Одан әрі мәдени құзыреттілік – жалпы адамзаттық мәдениеттің жетістіктеріне негізделген іс-әрекет тәжірибесі және қоғамның жеке, отбасылық және әлеуметтік өмірінің дәстүрлері мен мәдени негіздерін, этномәдени құбылыстарды меңгеруіне мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерді тану қабілетін білдіреді. Үшіншіден айтсақ, танымдық құзіреттілік – оқушының зерттеушілік әрекеті мен өзіндік оқу-танымдық үрдісінің жиынтығы. Бұл – біліктілікке сәйкес функционалдық сауаттылық талаптарына негізделген білім берудегі оқу қызметін ұйымдастырудың тәсілдері, дүниенің ғылыми жағын тану қабілетін меңгеруге мүмкіндік беретін тиімді жоспарлау, талдау және қорытындылар жасау. Төртіншіден, коммуникативті құзіреттілік – ортамен және жекелей адамдармен қарым-қатынас жасау тәсілдерін білу, әртүрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдылары, қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдылары, түрлі әлеуметтік рөлдерді қабылдау дағдылары, қарым-қатынас үшін әртүрлі объектілерді пайдалана білу және нақты өмірде қабылданған шешімдер, мемлекеттік тілді «ана тілім» деп тануы, халықаралық қатынастардағы шет тілі қарым-қатынас дағдылары болып табылуы; бесінші деп белгілейтініміз, ақпараттық-технологиялық құзыреттілік – ақпараттық технологиялар мен техникалық объектілердің көмегімен ақпаратты шарлау, өз бетінше іздеу, талдау, таңдау, өзгерту, сақтау, ұсыну және түсіндіру қабілеті; алтыншы ерекшелік әлеуметтік өзара әрекеттестік құзыреттілігін отбасы, еңбек, экономикалық, саяси, әлеуметтік қатынастар саласындағы белсенді азаматтық-әлеуметтік тәжірибе мен білімнің болуы деп қарастырамыз.

Зерттеу міндеттеріне сәйкес жоғарғы оқу орындарында мамандар дайындауда дуалды оқыту бағдарламасын тәжірибемізге енгізіп, әдістемелік жұмыстар жүргіздік. Білім беру жүйесіндегі дуалды бағдарламалық оқыту – тәжірибе мен теорияны ұштастыра отырып меңгеру мәселесі орта білім беретін оқу орындарында болашақ маманның білікті болуына ықпал ететіні даусыз мәселе екендігі дәлелденіп отыр. Дуалды оқыту бағдарламасының әлі болса да орнықпағандығының салдарынан қазіргі таңда арнайы оқу орындарында техникалық және кәсіптік білім беру өз деңгейіне көтеріле алмай жатқандығы да ащы ақиқат. Заманауи үрдіске сай, бәсекеге қабілетті техникалық және кәсіптік білім берудің дамуы – мемлекеттің, бизнес құрылымдарының, азаматтардың әлеуметтік жағдайына ерекше үлес қосатыны анық [10].

Жаңа Қазақстанның құрылуы жауапкершілік нысандарын таңдауда, білім беру мазмұнын құруда және мамандарды даярлау мен тәрбиелеуді ұйымдастыруда сапалы өзгерістерді талап ететін маңызды процесс ретінде қабылданады. Сондықтан дуалды оқыту жүйесі теория мен өндірісті ұштастырған білім беру технологиясы ретінде қарастырылады. А. Маханбетова «Дуалды білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – жұмыс берушілермен, жеке сектормен, өндірістік және экономикалық институттармен бірлесе отырып, нарықтық бәсекеге төтеп бере алатын, жаңа инновациялық және жаңа технологияларды игеруге дайын жұмыс істейтін мамандарды дайындау» деп көрсетеді [11]. Бүгінде еңбек нарығында жоғары білікті мамандар тапшы. Қалыптасқан жағдайдың негізгі себебі – оқу үдерісін ұйымдастыру және жүйедегі мәселелер, дәлірек айтсақ, теориялық білім берудің нақты өндірістік жағдайдан ауытқуы жас маманның практикалық дағдысын, білімі мен тәжірибесін қажет етеді. Қалыпты жағдайда жұмыс беруші теория мен практика арасындағы алшақтықты жою мәселесімен айналысуы керек, өйткені білікті мамандармен қамтамасыз ету табыстың кепілі болып табылады.

Бүгінгі күннің шындығы еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, өз мамандығы бойынша нәтижелі жұмыс істей алатын, үздіксіз кәсіби өсуге дайын, әлеуметтік және оңтайлы кадрларға ие білікті мамандарды даярлауды талап етеді. Осы тұрғыда мемлекеттік құрылымдардың күштерін біріктіру, өңірлік кәсіпорындар мен өндірістерді білікті мамандармен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс берушілер мен оқу орындарын жұмылдыру – басты міндет. Айта кету керек, дуалды жүйе бойынша білім беру студенттерге кәсіптік және коммерциялық дағдыларды тікелей жұмыс орнында алуға мүмкіндік береді, жан-жақты кәсіби дамуын қамтамасыз етеді, әртүрлі жүйелердің (білім, ғылым) өзара байланысын, өзара әрекетін және интеграциясын қамтамасыз етеді, кәсіптік білім беру жүйесінің сапасына кепілдік береді және елімізде өнеркәсіп саласы дамып, білікті мамандар сапасы арта түсетіні сөзсіз.

Қорытынды

Қорыта келгенде, қазіргі замана ағымына орай, елімізде кәсіптік білім алудың маңыздылығы арта түсуде. Еліміздің техникалық және кәсіптік білім беретін арнайы оқу орындарында дуалды оқыту бағдарламасын түбегейлі енгізіп, жаңғырту қажеттігі де туындаған кәсіптік білім берудің бір түрі ретінде дуалды оқытуда басты назарда ұстайтын мәселелер бар. Дуалды оқытудың ерекшелігі – кәсіптік білім беру өндірісінің басым бөлігі оқу орындарында, кәсіпорындарда және технологияда дипломалды тәжірибелерден өткізу басты міндет ретінде танылады. Жоғары және орта

білімі мен мамандығы бар жастар озық технология мен заманауи техникалық тілді меңгеру арқылы ғана экономиканың кез келген саласында еңбек етіп, білімін жетілдіре алады. Ол білім беру жүйесінде инклюзивті болуы мүмкін.

Біздің ойымызша, қазіргі дуалдық жүйені табыс көзіне айналдырсақ, жекеменшік оқу орындарының түлектерінің зейін көрсеткіші жоғары деңгейге көтеріледі. Болашақ маман өндіріс саласындағы жаңалықтар мен өзгерістерден үнемі хабардар болып, жұмысқа қабылданған сәттен өндірістегі қайнаған өмірмен бірге араласып, сіңісіп кетеді. Зерттеу мәселесі өңірлерде дуалды жүйені енгізу жұмыстары оқу жоспарларын, кәсіпорындармен оқу үдерісінің күнтізбесін қайта қараумен және кәсіптік білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жақсартумен табыстылығын дамытуды қарастыру болып отыр. Дуалды білім берудің нақты ұстанымы – «тәжірибе мен теорияның үйлесуі» басты назарда болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Халық бірлігі және Жүйелі Реформалар – Ел өркендеуінің берік негізі. 2022 ж.

2 **Байғұлова, А. Д.** Қазақстандық оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру (PISA және PIRLS зерттеулері мысалында) / Байғұлова А. Д. // 12 жылдық білім беру=12-летнее образование. – 2015. – № 3. – Б. 21–26.

3 **Қожаниязова, А. Е.** Мектеп оқушыларының оқырман құзіреттілігінің құрылымы мен оны қалыптастыру / А. Е. Қожаниязова // Білім технологиялары – образовательные технологии. – 2015. – № 6. – Б. 9–10.

4 **Савинн, Н. В.** «Педагогика» (Алматы, 1983), тапсырмалар арқылы қазақ тілін оқытудың тиімділігі / Н. В Савинн // Қазақ тілі мен әдебиеті, 2004. – № 8. – Б. 16–18.

5 **Байжанова, З. Т.** Жалпы педагогика : монография / З. Т. Байжанова // [Мәтін]. – Астана : Астана, 2007. – Б. 178.

6 **Косогова, А. С.** Обучение и воспитание в высшей школе : монография / А. С. Косогова // [Мәтін]. – Иркутск : Школа-Пресс, 2003. – С. 198.

7 **Безрукова, В. С.** Проективная педагогика : монография / В. С. Безрукова // [Мәтін]. – Екатеринбург : Академия, 1996. – С. 210.

8 **Аникеев, А. А.** Современная структура образования в Германии / А. А. Аникеев, Е. А. Артуров // Alma mater. – 2012. – № 3. – С. 67–68.

9 **Брагинец, Л. А.** Возможности дуального обучения в системе «вуз – производство» / Л. А. Брагинец. – Костанай : КГУ им. А. Байтурсынова, 2014. – С. 15–17.

10 Координационная группа на национальном уровне по вопросам дуального обучения от 8 июля 2014 г. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: www.rnmc.kz/.../2013...08-08.../2013.../472-proekt-vnedrenie-dualnogo-obucheniya.

11 **Маханбетова, А.** Дуалды жүйе – кәсіптік маман тапшылығын жояды / А. Маханбетова // Егемен Қазақстан, 2013, 8 қараша.

REFERENCES

1 Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyń Qazaqstan halqyna Joldaýy. Halyq birligi jáne Júıeli Reformalar- El órkendeýiniń berik negizi [The message of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan. The unity of the people and systemic reforms are a solid foundation for the prosperity of the country] 2022 jyl [in Kazakh].

2 **Baıǵulova, A. D.** Qazaqstandyq oqýshylardyń oqý saýattylyǵyn qalyptastyrý (PISA jáne PIRLS zertteýleri mysalynda) [Formation of reading literacy of Kazakhstani schoolchildren] / Baıǵulova A. D. // 12 jyldyq bilim berý=12-letnee obrazovanıe. – 2015. – № 3. – B. 21–26 [in Kazakh].

3 **Qojanıazova, A. E.** Mektep oqýshylarynyń oqyrman quzirettiliginiń qurylymy men ony qalyptastyrý [The structure of students' reading competence and its formation] / A. E. Qojanıazova // Bilim tehnologıalary – obrazovatelnye tehnologıı. – 2015. – № 6. – B. 9–10 [in Kazakh].

4 **Savınn, N. V.** «Pedagogıka» (Almaty, 1983), tapsyrmalar arqyly qazaq tilin oqytýdyń tıimdiligi [The effectiveness of teaching the Kazakh language through tasks] / N. V Savınn // Qazaq tili men ádebıeti. – 2004. – № 8. – B. 16–18 [in Kazakh].

5 **Baıjanova, Z. T.** Jalpy pedagogıka : monografıa [General pedagogy : a monograph] / Z. T. Baıjanova [Mátin]. – Astana : Astana, 2007. – B. 178 [in Kazakh].

6 **Kosogova, A. S.** Obýchenıe ı vospıtanıe v vysshei shkole : monografıa [Education and upbringing in higher education : monograph] / A. S. Kosogova [Mátin]. – Irkýtsk : Shkola-Press, 2003. – P. 198 [in Russian].

7 **Bezrýkova, V. S.** Proektıvnaıa pedagogıka : monografıa [Projective pedagogy : monograph] / V. S. Bezrýkova [Mátin]. – Ekaterınbýrg : Akademıa, 1996. – P. 210 [in Russian].

8 **Anıkeev, A. A.** Sovremennaıa strýktýra obrazovanıa v Germanıı [The modern structure of education in Germany] / A. A. Anıkeev, E. A. Artýrov // Almamater. – 2012. – № 3. – P. 67–68 [in Russian].

9 **Bragınes, L. A.** Vozmojnostı dýalnogo obýchenıa v sısteme «výz – proızvodstvo» [Opportunities for dual training in the «university – production» system] / L. A. Bragınes. – Kostanaı : KGÝ ım. A. Baıtýrsynova, 2014. – P. 15–17 [in Russian].

10 Koordınasıonnaıa grýppa na nasıonalnom ýrovne po voprosam dýalnogo obýchenıa ot 8 ıýlá 2014 g. [Coordination group at the national level on dual education] [Elektronnyı resýrs] – Rejım dostýpa: www.rnmc.kz/.../2013...08-08.../2013.../472-proekt-vnedrenie-dualnogo-obucheniya [in Russian].

11 **Mahanbetova, A.** Dýaldy júıe – kásiptik maman tapshylyǵyn joıady [Dual system-eliminates the shortage of a professional specialist] / A. Mahanbetova // Egemen Qazaqstan. – 2013, 8 qarasha [in Kazakh].

Материал 10.03.23 баспаға түсті.

**А. Ш. Тлеулесова[1], Э. А. Утеубаева[2], Ж. Қ. Сагынтаева[3], М. П. Шакарманова[4], А. Б. Калиева[5]*
[1,2]Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина,
Республика Казахстан, г. Астана;
[3]Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана,
Республика Казахстан, г. Павлодар;
[4,5]Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 10.03.23.

ОСОБЕННОСТИ ДУАЛЬНОГО ПРОГРАММНОГО ОБУЧЕНИЯ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

В статье рассмотрены актуальные пути качественного образования в стране в соответствии с целевыми вопросами, изложенными в послании президента К. К. Токаева. В том числе рассматриваются актуальными на современном этапе основы дуальных программ. Проанализировано и показано особое влияние на качество образования формы дуального обучения в системе образования, что непосредственно связанно с развитием нового Казахстана. В данной статье рассматривается возможность влияния на познавательную мотивацию будущего специалиста посредством сочетания теории и практики в системе образования. Разработаны теоретические и педагогические обоснования практики без отрыва от производства. Образованная нация – основа будущего.

В данной проведен анализ основного содержания качественного образования, также проведена экспертиза материалов учебников, основанных на программах обучения. Проведен всесторонний анализ содержания образования и критериев отбора качественного содержания. В статье рассмотрено применение дуальных программных подходов качественного образования. В статье также на научно-методическом уровне рассмотрена эффективность программы дифференцированного дуального обучения. Вместе с тем в статье анализируется осуществление сопряжения всеобщего среднего образования с производством в современном новом Казахстане. В соответствии с положениями дуальной программы всесторонне рассмотрены проблемы сочетания основ теории и практики в специальных учебных заведениях. В статье проанализированы движущие силы процесса обучения на основе дуальной программы и сделаны выводы эффективности обучения.

Ключевые слова: дуальное обучение, образованная нация, качественное образование, программный подход, содержание учебника, мотив обучения, познание, мотивация.

**A. Sh. Tleulesova[1], E. A. Uteubayeva[2], Zh. K. Sagyntayeva[3], M. P. Shakarmanova[4], A. B. Kaliyeva[5]*
[1,2]S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University,
Republic of Kazakhstan, Astana;
[3]A. Margulan Pavlodar Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;
[4,5]Toraigyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 10.03.23.

FEATURES OF DUAL PROGRAM TRAINING IN THE EDUCATION SYSTEM

The article discusses the current ways of quality education in the country in accordance with the targeted issues set out in the message of President K. K. Tokayev. In particular, the fundamentals of dual programs are considered relevant at the present stage. The special impact on the quality of education of the form of dual education in the education system is analyzed and shown, which is directly related to the development of the new Kazakhstan. This article discusses the possibility of influencing the

cognitive motivation of a future specialist through a combination of theory and practice in the education system. The article discusses the current ways of quality education in the country in accordance with the targeted issues set out in the message of President K. K. Tokayev. In particular, the fundamentals of dual programs are considered relevant at the present stage. The special impact on the quality of education of the form of dual education in the education system is analyzed and shown, which is directly related to the development of the new Kazakhstan. This article discusses the possibility of influencing the cognitive motivation of a future specialist through a combination of theory and practice in the education system. Theoretical and pedagogical substantiations of on-the-job practice have been developed. An educated nation is the basis of the future. In this article, an analysis of the main content of quality education is carried out, as well as an examination of the materials of textbooks based on training programs. A comprehensive analysis of the content of education and criteria for selecting quality content was carried out. At the same time, the article analyzes the implementation of conjugation of universal secondary education with production in modern new Kazakhstan. In accordance with the provisions of the dual program, the problems of combining the foundations of theory and practice in special educational institutions are comprehensively considered. The article analyzes the driving forces of the learning process based on the dual program and draws conclusions about the effectiveness of learning.

Keywords: dual education, educated nation, quality education, program approach, textbook content, learning motive, knowledge, motivation.

Теруге 10.03.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2023 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
7,38 Mb RAM
Шартты баспа табағы 21,5.
Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген З. С. Искакова
Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4033

Сдано в набор 10.03.2023 г. Подписано в печать 29.03.2023 г.
Электронное издание
7,38 Mb RAM
Усл.п.л. 21,5. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка З. С. Искакова
Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4033

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
8 (7182) 67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz